

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Оқу жылы: 2024-2025

Мектепке денгі ұйым атауы:

ШҚ «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек»
бөбекжайы

Өткізу формасы: педагогикалық
идеялар жәрмеңкесі.

Өткізілген күні: 30.01.2025

Өткізілген орны: «Болашақ» тобының
бөлмесі.

Жиналысқа қатысқандар саны: 73 адам.
Шақырылғандар әдіскер мейірбике.

Жиналыстың тақырыбы: «Баланың ұсақ моторикасы және оның
ортаға байланысы».

КҮН ТӘРТІБІ

Алдыңғы ата-аналар жиналысының шешімдерін іске асыру туралы.

1. Баланың ұсақ моторикасы және оның ортаға байланысы.
2. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар мен
жаттығулар жәрмеңкесі.
«Әртүрлі».

БАРЫСЫ

Алдыңғы ата-аналар жиналысының шешімдерін іске асыру бойынша педагог Біләлова Меруерт Балғабайқызы сөз сөйледі. Ол бөбекжай топтағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының міндеттеріне сәйкес жүргізіліп жатқанын, аралық мониторинг қорытындылары бойынша үлгерім осыған дәлел болатынын атап өтті. Ата-аналар жиналысының күн тәртібімен танысу өткізілді.

1. Қолдың ұсақ моторикасы және оның баланың ойлауына байланысы мәселесі жөнінде Исмагулова Сандигул Машидуллиновна сөз сөйледі. Ол ерте балалық шақ балалардың ерекшеліктері және қажеттіліктерімен бірге жүретінін және ата-аналардың, педагогтердің мұқият күтім жасауын, оқытуын және қолдауын қажет ететінін, сөйлеуді дамытудың маңызды кезеңі болып саналатынын айтты. Ол сөйлеуді дамытудың негізгі мақсаттары мен ғылыми негіздеріне тоқталып, оны әр жас кезеңі үшін

белгіленген нормаға жеткізу керектігі, балалардың сөйлеу деңгейіндегі жеке айырмашылықтардың арасы өте үлкен болатынын атады.

Ғылыми зерттеулер ұсақ моториканың дамуы сөйлеудің толыққанды дамуымен тікелей байланысын көрсетті, өйткені моторика мен сөйлеуге жауап беретін ми орталықтары жақын орналасқан. Сөйлеу мен тілді оқытудың негізі – педагогке әр жас тобындағы балалармен дәйекті және жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жоспар-бағдарлама екендігі анықталды.

Маман қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша келесі іс-әрекеттерді мысалға келтірді: бұлшықет тонусына арналған сылау және өзін-өзі сылау, саусақ гимнастикасы, сенсомоторлы ойындар, мүсіндеу, аппликация, сурет салу, штрихтеу, резеңке ойыншықтармен ойындар және т.б.

ШЕШІМІ

Қолдың ұсақ моторикасының дамуы балалардың сөйлеуінің дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, ерте балалық шақ ең маңызды кезең деп саналсын. Ата-аналар мен педагогтердің алдына балаға күтім жасауына, оны оқытуы және қолдауына басты назар аудару міндеті қойылсын.

2. Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар жәрмеңкесін тәрбиешілер Біләлова Меруерт Балғабайқызы ұйымдастырды.

Ата-аналар үшін импровизацияланған сөрелерге ойын-тапсырма карточкалары дайындалды; әр карточкада әртүрлі бағалары көрсетілді. Шарт қойылды: ата-аналар осы немесе басқа ойынды ойынды ойнап шығу арқылы сатып алуларына болады. Ата-аналармен үстелдің басына кіші топтарға бірігіп мынадай ойындар ойнады: қыстырғыштармен ойындар, саусақ гимнастикасы, бау байлайтын ойындар, қосымша парақтары бар ойындар, матрешкалармен ойындар, пирамидалармен ойындар, жармалармен ойындар, сонымен бірге мүсіндеу, аппликация, дайын сұлбаларды сурет салу-штрихтеу, әртүрлі сызықтарды, тұйық пішіндердің суретін салу.

Ата-аналар балаларға ұсынылатын материалдардың әртүрлілігінен, қызықты ойындар мен жаттығулар арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша жұмыс туралы жағымды пікірлерін айтты.

ШЕШІМІ

Жәрмеңке ата-аналарды қолдың ұсақ моторикасын дамыту жөніндегі іс-әрекет түрлерімен таныстырудың тиімді құралы және нысаны ретінде саналсын, оларды ата-аналар жағдайға сәйкес қолдансын.

3. Бұған қоса педагогтер әр ата-ана өз баласына бір ай ішінде қолдың ұсақ моторикасын дамыту бойынша ойын бағдарын құру туралы практикалық тапсырманы орындауын ұйымдастырды.

Ата-аналар ойын-тапсырмалардың шарттарын орындауға белсенді қатысты, балалардың сөйлеуін дамытудың өзіндік бағдарларын әзірледі, кейбіреуі аудиторияға өз жоспарын таныстырды, оны қолданудың он мүмкіндіктерін көрсетті. Сондай-ақ, арнайы дайындық қажет болатын аспектілер талқыланды, сондықтан педагогтер қабылдау тобында белгілі бір тапсырманы орындау әдістемесі, отбасы жағдайындағы ойындар бойынша жаднамаларды жүйелі түрде шығаруды ұсынды.

ШЕШІМІ

Отбасы жағдайында қолдың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі бойынша ата-аналарға арналған жаднамаларды жүйелі түрде шығару ұйымдастырылсын.

ӘРТҮРЛІ

2024-2025 оқу жылының қаңтар айында мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі бойынша педагогтер сөз сөйледі. Мерекелік іс-шаралар жай ғана ойын-сауық емес, олар бала өзін команданың бір бөлігі ретінде сезінуіне, таланттарын ашуға және жағымды эмоциялар алуға мүмкіндік беретіні атап өтілді. Бұнда өлең сөз, ән репертуары, би элементтері, рөлдердің мәтіндерін бекітуге назар аударылып қана қоймады, бұдан басқа мерекелер кезінде қауіпсіздік ережелерін қайталау ұсынылды, балабақшадан тыс жерде, демалыс күндері, мереке күндері денсаулықты сақтау керектігі туралы айтылды.

ШЕШІМІ

МДҰ Жарғысына, СӨС және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, әкімшілік бекіткен кесте бойынша көктемгі мерекелерге дайындық жүргізілсін.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМДЕРІ

Қолдың ұсақ моторикасының дамуы балалардың сөйлеуінің дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, ерте балалық шақ ең маңызды кезең деп саналсын. Ата-аналар мен педагогтердің алдына балаға күтім жасауына, оны оқытуы және қолдауына басты назар аудару міндеті қойылсын.

Жәрмеңке ата-аналарды қолдың ұсақ моторикасын дамыту жөніндегі іс-әрекет түрлерімен таныстырудың тиімді құралы және нысаны ретінде саналсын, оларды ата-аналар жағдайға сәйкес қолдансын.

Отбасы жағдайында қолдың ұсақ моторикасын дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу әдістемесі бойынша ата-аналарға арналған жаднамаларды жүйелі түрде шығару ұйымдастырылсын.

МДҰ Жарғысына, СӨС және қауіпсіздік ережелеріне сәйкес,
әкімшілік бекіткен кесте бойынша көктемгі мерекелерге дайындық
жүргізілсін.

Ата-аналар жиналысы өткізілген күн

30.01.2025

Ата-аналар комитетінің төрағасы

(Т.А.Ә.)

Измилуова. З. Ғе

(Қолы)

Изм

Хатшы

(Т.А.Ә.)

Қасымжанова. Ә. Ғ.

(Қолы)

Қас